

ТҮЙІН

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАР елге қашан көшіріледі?

Қытайдан келген бір оралман жігіт редакцияға хабарласты. Өзін Дәурен деп таныстырған жас жігіт: «Сіздерден басқа басылымдардан үмітім болған жоқ. Елге, қазаққа қауіп төніп тұрған қиын жағдайды бүркеп қалуды өзіме жөн санамадым. Сол үшін әке-шеше, бауыр-туғандарымның Қытайда тұратынына қарамай, айдаһарлы елдегі әділетсіз жағдайды жайып салуға келдім», – дейді ашуға булығып.

Дәурен Қазақстанға келгелі 8 жыл болыпты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-математика факультетін биыл бітірген екен.

Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың бөріне қанық азамат өз пікірін сөз ләмінен байқатады: «Атажұртымызда да қазақтардың жағдайы жетісіп тұрған жоқ. Тіл, ұлт, жер мәселесі шаштан қалың. Бірақ Қазақстан – елдің іші ғой. Бүгін болмаса, ертең оңалармыз. Ал Қытайдағы қазақтардың жағдайы күн емес, сағат санап қиындап барады».

Дәуреннің елге отбасымен біржола оралуына екі түрлі себеп қолбайлау болып отырған көрінеді. Біріншісі, Қазақстанның Көші-қон агенттігінен берілетін «Көші-қон шақыртуы» екі жылдан бері себептен-себепсіз тоқтатылыпты. Ол жөнінде Дәурен мырза құзырлы орындардың нақты себеп айтпай отырғанын жеткізді. Екіншісі, Қазақстаннан кері көшкен азаматтардың атажұрт жөніндегі теріс әңгімелері себеп болса керек. Мұның зауалы дүйім елге жаман тиіп жатқан көрінеді.

Яғни кері көшкен елдің әңгімесі мынау: «Қазақстан әлі де орыстан тұтастай тәуелсіздік алған ел емес. Билігі былыққан. Байы мен кедейінің арасы көк пен жердей. Қазақтар ауылды жерге ғана орналасқан, тұрмысы жұтаң. Басқа ұлттары, шеттен келген келімсектері – «дүр», қазақ – мазақ екен. Елде сыбайласқан жемқорлық өршіп тұр...». Оны естіген ел Қазақстаннан тәп-тәуір суынып қалған сияқты.

«Арғы беттегі ағайын жайы былтырғы жаздағы ұйғырлар дүрмегінен кейін, бұрынғыдан да күрделіленіп кетті», – дейді Дәурен Қытайдай жымысқы ел саясатымен айтқанда, батырлыққа барып. Естеріңізде болса, 2009 жылдың шілде айында ұйғырлар мен қытайлар арасында үлкен қантөгіс өтті. Сол оқиғадан кейін қазақтар қоныстанған ауыл, аудандарда әңгіме өзгере бастапты. Халық: «Қазақстанға көшсек!» – деп, қопақтап отырған көрінеді. Себебі, жергілікті жерде «Үрімжі дүрбелеңі» деп аталатын ұйғыр-қытай шайқасы ұлттарынтымағына сызат түсіріпті. «Қазір ханзулар – өр, басқа ұлттар – жалтақ», – дейді ҚазҰУ-дың түлегі. Дәуреннің сөзінен бір байқағанымыз: Қытай үкіметі «Үрімжі дүрбелеңінен» кейін «бүлікшіл» ұйғырларды ғана емес, жергілікті жерде аз ұлт саналатын басқа: қазақ, қырғыз, моңғол, дүңгендерге де бірдей саясат ұстана бастапты.

Қанша ұйғыр азаматы мен азаматшалары қытайлар қолынан опат болғаны жөнінде нақты мәлімет жоқ. Белгілісі – ұйғырлар оқиғасынан жазым болған санаулы ханзу ұлтының өкілдеріне көрсетілген көмек пен берілген атақ-даңқ қана. Мысалы, ұйғырлар оқиғасы мезгілінде көз жұмған кез келген ханзу азаматына үкімет қоржынынан бірнеше жүз мың юань ақша төленіпті. Оның оқиғаға қатысы бар ма немесе қандай өліммен өлгені тексеріліп,

анықталмапты. Заңға сыйдырған бар дәлелдері – уақыттың оқиғамен сәйкестігі ғана сияқты. Ал ұйғырлар жағынан шыққан шығын, кеткен «есе» сол күйінде қалған көрінеді.

Дәурен: «Үрімжіде қытайлардың пікірі өзгеріп кетті. Көшеде келе жатқан басқа ұлт азаматтарын ханзулар кеудесімен соғып өте береді. Себебін сұрап абырой таппайсың», – дейді, кәдімгідей жабырқап.

Тағы бір жағдай: бұрын біртұтас қазақтар қоныстанған ауылдарда бірінші әкім ханзу ұлтынан, басқалары қазақтардан сайланып жүріпті. Ал қазір әкімдіктің басынан бақайшығына дейін біртұтас қытайланған көрінеді. Уәж айтуға бас екеу емес. Мектептер толықтай қытайшаланған. Басшылығы – ханзу ұлтының өкілінен. Оған да дау жоқ.

Өзге қызмет көрсету орындары да аз ұлттан «тазара» бастапты. Мәселен, Дәуреннің биыл Пекин дәрігерлер институтын бітірген бір сыныптасы Құлжа қаласындағы үлкен емханалардың біріне дәрігер болып жұмысқа тұрыпты. Бірақ тамаша маман бола тұра, қатардағы дәрігерлік қызметпен шектеліп қалған сияқты. Асылы, Пекин мединститутына қазақтар емес, ханзылардың өзі әрең түсіп оқиды екен.

Осыдан бірнеше жылдың алдында Қытай үкіметі Шыңжаңдағы аз ұлт балаларының ішкі Қытайдағы арнаулы мектептер мен жоғары оқу орындарында тегін білім алуына мүмкіндік жасапты. Қазір соның бірі жоқ. Оқу қуған жас жеткіншек ханзу ұлты болмаса, қарық қып білім ала алмайтын күйде. Оқу бітірген күнде де жұмысқа тұру мәселесі аз ұлт өкілдеріне өкімі қисық заң сияқты. Яғни шыққан тегің бірінші орында тұрады. Сонымен бірге қытай тілін ханзулармен тең білуге тиіссің. Сондай-ақ қытай тілінен біліміңді сынайтын «HSK» деген емтиханнан өтуің керек. Одан толымдылық куәлік алу – ханзулардың өзіне де қиынға соғады екен. Егер «HSK» сынақ-тестіден өте алмасаң, қанша білімді, тәжірибелі маман болғаныңа ешкім қарамайды. Педагогика саласында да ханзу тілін білу маңызды. Себебі, қазір аз ұлт мектептері тұтастай қытайлануға көшкен. Ұлты қазақ, ұйғыр кез келген мұғалім оқушыларға қытай тілінде сабақ беруі шарт. Оған білімі жетпесе, орнын босатады. Айдаһарлы елдегі мұндай тәжірибе Қазақстанда да қолданылса, қазақ тілінің мәселесі өздігінен шешілер ме еді, кім білсін.

Қытайдағы аз ұлт балаларын тегін оқытуға шектеу қойылғалы ауылды жерде бос жүрген қазақ жастарының саны артыпты. Себебі, ақылы оқуға түсуге екінің бірінің қалтасы көтере бермейді. Ішкі Қытайдағы оқу орындарының білім ақысы удай қымбат. Оны тау сағалап мал баққан, жер еміп егін еккен қай қазақтың баласы төлей алсын?

Қытайдағы қазақтардың дені – ауылды жерде. Жанбағыс көзі – мал мен егін шаруашылығы. Бірақ бір-екі жылдан бері жергілікті үкіметте қыстау мен жайлауды, егістік жерді сататын және ұзақ мерзімде жалға беретін заң қабылданыпты. Қазақтарда оны сатып алатын немесе жалдайтын күй қайдан болсын. «Аталған заң ханзу ұлтына тиімді болып, солардың ғана игілігіне жарап жатыр», – дейді оралман жігіт.

Қытай заңына қарсы тұру – Оспан батыр бастаған ел арыстары құрған Шығыс Түркістан республикасы құлағаннан кейін болмаған дәстүр. Қазақ жастарының білім алуына шектеу қойып, ауылды жердің «әукесін» басу – қулығына құрық бойламайтын Қытайдың ғана ішкі саясаты болса керек.

Қазақта: «Құланның қасуына мылтықтың басуы дөп келді» дейтін мәтел бар. Ұйғырлар дүрбелеңі онсыз да «қызыл көз» атанып жүрген қазақтарға қиын соғып отырғаны белгілі. Енді қазақ тілі, қазақ ұлты, қазақ мәселесі деп сөз айту ол елде – қылмыс. Өрдегі ағайынның ендігі күйі мүшкіл. Сенетін елі – Қазақстан. Туыстары – атажұрт қазақтары. Басқа ешкімі жоқ. Бұл – даусыз шындық. Біз

мұны жүрекпен түсінуге тиіспіз. Қытайға жалға жер бергелі жатқан Қазақстан Қытайдағы қазаққа араша түседі деген – шындыққа жанаспайтын әңгіме. Әйтсе де, қазағымыз Қытайға қор болып, ұлт алдында ұятқа қалғымыз келмесе, шеттегі ағайынды елге алдыратын уақыт жетті.

**Жазып алған –
Жұқамыр ШӨКЕ,
«D»**

ҚИЫЛЫСЫ ҚИЫН ҚИСАП

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАНША ОРАЛМАН атамекенге оралды?

2009 жылы Қазақстанға 16 мың 335 отбасы немесе 75 485 оралман көшіп келді деп, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитетінің төрағасы Қабылсаят Әбішев ҚазТАГ тілшісіне мәлім етті. «Олардың жартысынан астамы Өзбекстаннан көшіп келді (59%).

Моңғолиядан келген отандастар 14% , Қытайдан – 10%, Түрікменстаннан – 8% және Ресейден – 4,2% құрайды», – деді Қ. Әбішев.

Оның айтуынша, репатрианттардың көбінде орташа немесе бітпеген орта білімі бар.

Оралмандарды қоныстандыру жағынан Алматы облысы алда келеді. Бұл жерге 3,9 мың отбасы оралды. Екінші орында Оңтүстік Қазақстан облысы – 2,8 мың отбасы. Одан кейін Маңғыстау облысы (2,05 мың отбасы), Жамбыл облысы (1,95 мың отбасы) және Шығыс Қазақстан облысы (1,2 мың отбасы). 2009 жылы оралмандарға 12,3 млрд теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілген.

Еске сала кетсек, былтыр оралмандар үшін квота жылдық 15 мыңнан 20 мыңға дейін көбейтілген. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы жылдары, Қ. Әбішевтің айтуынша, 800 мың оралман көшіп келген.

Сауалы мен жауабы

КӨГЕН-КӨМЕК КІМГЕ КЕРЕК?

Республика президенті Нұрсұлтан Назарбаев өткен аптада бір топ жазушы мен өнер қайраткеріне мәдениетті қолдау аясы бойынша стипендия таратты. Биылғы жылғы стипендияның мөлшері айына 39 мың теңгені құрапты. Жалпы мәдениетті қолдау жөніндегі стипендия өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары өтпелі кезеңнің тоқырау кезеңінде дүниеге келгені белгілі.

Ал енді өнер мен әдебиеттегі қайраткерлерді көгендеген қозыдай етіп ұстайтын осы стипендия қаншалықты қажет? Оның жауабын төменнен оқыңыз.

**Темірхан МЕДЕТБЕК,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:**

Мәдениетті қолдау аясында стипендия тағайындауды қажетті шара деп санаймын. Алайда стипендия беруге лайықты, лайықты емес шығармалар болады. Өкініштісі – лайықты емес шығармаларға да беріліп жататындығы. Соңғы кездері бұл істе де саясаттың лебі байқалады, өйткені Мұхтар

Шахановпен бірге Қазақтың ұлттық тұжырымдамасы жобасын жазысуға қатысқан жазушылар осы жолы тізімнен сызылып тасталды.

Әбубәкір ҚАЙРАН, ақын:

Стипендия – өте қажетті нәрсе. Мәдениетке «ауызға су тамызғандай» әсері бар. Осы жолы семейлік ақын досым Тыныштықбек Әбдікәрімнің алғанына өз басым қатты қуандым. Жұмыссыз жүрген небір талантты ақын, жазушыларымыз қаншама?! Солардың бәріне бұйырып жатса, құба-құп болар еді. Шығармашылық адамы «стипендия» алсын-алмасын, бәрібір жаза береді. Онсыз ол отыра алмайды. Жазғаны ел-жұртының, қазағының көңілінен шығып жатса, шығармашылық адамы үшін одан үлкен қандай бақыт болмақ. Еңбегі еленіп жатқанына қуанатын қауым емес пе.

Жәркен БӨДЕШ, ақын:

Стипендияны бұрын үш жылға беретін. Биыл бір жылға ғана берілетін бопты ғой. Менің бұрын бір рет алғаным бар еді. Мына қиын-қыстау дағдарыстың заманында өнер адамына әжептәуір демеу болатыны рас. Кімге бұйырады, кімге бұйырмайды – қазаншының қасындағы ожау ұстағанның қолындағы мәселе ғой...

**Жазып алған –
Марат УАТҚАН**